



Автор: Қожақова Шынасыл Даулетиярқызы
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау
Тақырып: Құстар әні

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.6.1 – кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі, өз пікірін білдіруде вербалды емес тілдік құралдарды, сөйлеу барысында иллюстрациялар, суреттер қолданады. Көптеген оқушылар: Әдеби көркем сөздер (аллитерация, әсерілеу) ұғымымен танысады. Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Кейбір оқушылар: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, дұрыс оқу сауаттылығын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін, сауатты жазу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды сақтауға мән беріледі.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар.Терминология. Сөз тіркестері: Әдеби мұра Әдеби көркем сөздер Халық ауыз әдебиеті Даналар нақылы Асыл сөз Шешендік
Күтілетін нәтиже:	Көркем шығармаға пікірін білдіруге және оны дәлелдеуге, шығарманың жанрлық ерекшелігіне байланысты өз пікірін білдіруді, сауатты жазу жұмыстарын жалғастырады. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне сыни баға береді, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты түсіне отырып, жоспар құруды түрлендіруді үйренетін әдістемені тәжірибеден өткізеді.
Бағалау критерийлері:	Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алатын дағдысы жетілдіріледі. Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, көркем еңбек, жаратылыстану.
Бастапқы білім:	Бұған дейін оқушылар мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұматтарынан хабардар. Оларда оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру дағдылары қалыптасқан. Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алады. Негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау дағдысы жүйеленген.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан білімімен барлығынан асып түссем деймін т.б. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды 1-топ: «Алтын асықтар» 2-топ: «Күміс асықтар» 3-топ: «Қола асықтар» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда)	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
Сабақтың ортасы	Түсініп оқы Күзгі құс керуені Өз ойыңмен бөліс Құстардың жылы жаққа ұшуынан қандай жаңалық білдің? Аспандағы ауа қабатының кедергісін құстар қалай жеңеді? Әңгімедегі құстардың ерекшелігін атаңдар. Қалай ойлайсыңдар, өздерің тұрған жерде қыстап қалған құстарға қандай көмек керек? Дескрипторы: Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Берілген тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін дәлелдейді.	Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. Топтық жұмыс Ойыңмен бөліс Бір-біріңе құстар туралы сұрақ қойыңдар. Мысалы, «Құстар барар жеріне қалай адаспай ұшып барады?», т.б. Қорытындыла Әкесінің әңгімесінен бала көңіліне не түйді? Жауабы:	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.
Рефлексия	Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.	